



«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ
ГРАНТТАРЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ
«НҰР АРМАН» АРНАЙЫ
ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ

САУАЛНАМА- КІТАПША

ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР





1. «Нұр Арман» жобасының мақсаты қандай?

«Нұр Арман» арнайы партиялық жобасы – талантты жастарға берілетін мүмкіндік, көптеген мектеп түлектерінің әлемнің үздік жоғары оқу орындарында оқып, сапалы білім алу жөніндегі армандарының іске асырылуы. «Нұр Отан» партиясы оған қол жеткізу үшін мүмкіндік береді және қайырымдылық білім беру гранттарын бөледі.

2. «Нұр Арман» жобасы идеясын құру кімге тиесілі?

«Нұр Арман» жобасы ҚР Президенті «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша іске асырылады

3. Жоба қай жылдан бастап іске асырылуда?

Қайырымдылық білім беру гранттарын беру жөніндегі «Нұр Арман» арнайы партиялық жобасын «Нұр Отан» партиясы 2016 жылдан беру іске асыруда.

4. «Нұр Арман» жобасының бағыты қандай?

«Нұр Арман» жобасы халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарынан шыққан, бакалавриат бағдарламасы бойынша оқу үшін шетелдік жоғары оқу орындарына өз бетінше оқуға түскен талантты, келешегі мол жастарды қолдауға бағытталған.



5. «Нұр Арман» жобасының мәні қандай?

Жобаның мәні – шетелдік университеттерге өз бетінше оқуға түскен және қаржылық қолдау көрсетуге мұқтаж талантты жастарға «Нұр Отан» партиясының білім беру гранттарын беру.

6. Жобаға кімдер қатыса алады?

Жобаға мектеп, колледждердің түлектері, 21 жасқа дейінгі жастар қатысады.

7. Қатысушылардың ішінде басымдық берілетін топтар бар ма?

Басымдық, ең алдымен әлеуметтік көмекке мұқтаж мына қатысушыларға беріледі:

21 жасқа дейінгі орта білім беру ұйымдары мен колледждердің түлектері мынадай басымдылық тәртіпте:

1. Жетім-балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

2. Бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға тыйым салынбаған мүгедек балалар;

3. Жан басына шаққанда орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейшілік шегінен төмен жеке тұлғаларға (отбасыларына) мемлекет ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын отбасылардан шыққан балалар;

4. Асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы алатын толық емес отбасылардан шыққан балалар;

5. Ата-анасының екеуі де мүгедек болып табылатын отбасылардан шыққан балалар;

6. Ата-анасының біреуі мүгедек, ал екіншісі – айлық табысы 50 айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) жоғары емес, мемлекеттік орган болып табылмайтын, әлеуметтік саланың бюджеттік ұйымының қызметкері болатын отбасылардан шыққан балалар;

7. Ата-анасының орташа айлық табысы соңғы жылда 50 АЕК-тен аспаған толық емес отбасылардан шыққан балалар;

8. Аналары «Күміс алқа», «Алтын Алқа» алқасымен марапатталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған көп балалы отбасылардан шыққан балалар.

8. Грант нені өтейді?

Грант оқу құнын, ай сайынғы стипендияны, медициналық сақтандыруды, көлік шығыстарын, бакалавриатта оқудың барлық кезеңі ішіндегі визалық қолдауды қамтиды.

9. Қатысушыларға қандай талаптар қойылады?

Грантты алуға үміткерлер мына талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматы болуы қажет;
- 2) халықтың санаттарына қатыстылығы туралы құжаттамамен расталған мәртебесінің болуы;
- 3) бакалавриат немесе «Foundation» бағдарламасы бойынша шетелдік ЖОО студентінің құжаттамамен расталған мәртебесінің болуы;
- 4) соттылығы жоқ.

10. Жобаға қатысудың қандай міндетті шарты бар?

Құжаттарды беру кезеңінде шетелдік жоғары оқу орнының шақыру хаты немесе шетелдік жоғары оқу орнына оқуға түскені туралы хат міндетті шарт болып табылады.

11. Грант қалай беріледі?

Гранттарды беру конкурстық негізде беріледі.

12. Грантты кім береді?

Гранттарды беру жөніндегі конкурсты арнайы құрылған Комиссия өткізеді, ол «Нұр Отан» Партиясы Төрағасының Бірінші орынбасарының бұйрығымен бекітіледі. Комиссия грант беру туралы хаттамалық шешім шығарады.



13. Жобаға қатысу үшін қандай құжаттар қажет?

1. «Нұр Отан» партиясының аймақтық филиалының ұсынымы;
2. Ұсынылған нысан бойынша Комиссия төрағасының атына жазылған грант тағайындау жөніндегі өтініш;
3. Жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды расталған көшірмесі (үміткердің паспорты);
4. Туу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі;
5. Ұсынылған нысан бойынша қатысушының сауалнамасы;
6. Эссе-негіздеме;
7. Орта білім туралы аттестаттың нотариалды расталған көшірмесі;
8. 0-82/у медициналық анықтамасы;
9. 3x4 фотосуреті JPG форматында электрондық жеткізгіште - 4 дана;
10. Бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға шетелдік университеттің шақыртуы;
11. Оқу ақысын төлеуге есепшот (инвойс);
12. Отбасы құрамы туралы анықтама;
13. Ата-анасының жеке куәліктерінің нотариалды расталған көшірмелері;
14. Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мәртебесін растайтын құжат;
15. Атаулы әлеуметтік көмек алу туралы анықтама;
16. Үміткердің мүгедектігі туралы анықтама;
17. Асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алу туралы анықтама;

18. Ата-анасының мүгедектігін растайтын анықтама;
19. Ата-анасының бірінің мүгедектігін растайтын анықтама;
20. Толық емес отбасылары үшін – некенің бұзылғаны туралы куәліктің, ата-анасының бірінің қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмелері, нотариалды расталған өтініш немесе жалғызбасты ана мәртебесі туралы анықтама және басқалар;
21. Көп балалы отбасылардан шыққан тұлғалар үшін – «Алтын алқа» алқасын немесе «Батыр ана» атағын, «Күміс алқа» алқасын беру туралы куәліктің көшірмесі;
22. Барлық санаттар үшін – Халыққа қызмет көрсету орталығынан жылжымайтын мүлкінің бар-жоғы туралы анықтама және жұмыс орнынан грант тағайындауға өтініш берген күннің алдындағы айдағы жағдай бойынша соңғы 12 айға зейнетақы қорынан үзіндіні қоса бере отырып, ата-анасының жалақысы туралы анықтама.
23. Шетелдік жоғары оқу орнымен шарттың немесе ЖОО-ға қабылданғанын растайтын құжаттың көшірмесі;
24. «Foundation» бағдарламасы бойынша оқитынын растайтын құжат;
25. Үміткердің ЖОО студенті екенін растайтын анықтама;
26. Банк (карточка) есепшотының барын растайтын анықтама;
27. ЖОО жатақханасында тұру құны туралы анықтама немесе тұрғын үйді жалға алу шарттың көшірмесі;
28. Жол жүру құжаттары, оның ішінде әуе билеттері (эконом класс), теміржол (СВ басқа) және автобус билеттері;
29. Медициналық сақтандыру үшін төлегені туралы түбіртек (бар болған жағдайда);
30. Консулдық алым туралы түбіртек.

14. Құжаттарды қай тілде ұсынған жөн?

Құжаттар мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ұсынылады. Шет тіліндегі құжаттарға мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі нотариалды расталған аудармасы ұсынылады.

15. Іріктеу қалай жүргізіледі?

Іріктеу төрт кезеңнен тұрады:

1. үміткерлердің құжаттарын жинау мен талдау;
2. психологиялық тестілеу;
3. әңгімелесу;
4. грант тағайындау туралы шешім қабылдау.

Іріктеудің бірінші және екінші кезеңінде ұсынылған құжаттардың негізінде үміткердің Ережеге сәйкесталаптарға сәйкестігі анықталады, үміткерлерді психологиялық тестілеу және Комиссияның олармен әңгімелесу өткізуін ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі.

Төртінші кезеңде Комиссия үміткерлерді соңғы іріктеуді жүргізеді және гранттар тағайындайды.

16. Психологиялық тестілеу және әңгімелесу қалай жүргізіледі? Олар қайда өтеді?

Психологиялық тестілеу және әңгімелесу партияның аймақтық филиалында базасында онлайн режимінде Астана қаласынан бейнеконференция байланысын қосу арқылы жүргізіледі.

17. Құжаттарды беру мерзімі қандай?

Құжаттарды қабылдау 2017 жылғы 1 мамыр мен 10 маусым аралығында жүзеге асырылады.

18. Құжаттарды қайта тапсыру қажет?

Құжаттар «Нұр Отан» партиясының аймақтық филиалында қабылданады.

19. Талаптармен қай жерде танысуға болады?

Гранттар тағайындау шарттары мен критерийлері «Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім гранттарын тағайындау туралы Ережеде» баяндалған, олар Саяси менеджмент мектебінің мына www.spm.nurotan.kz сайтында («Қызмет» – «Нұр Арман» жобасы) орналастырылды.

20. Конкурс нәтижелері туралы қайдан білуге болады?

Конкурс нәтижелері – грант иегерлері туралы тізім «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебінің сайтында www.spm.nurotan.kz орналастырылады.



БЕЛГІЛЕР ҮШІН

A series of horizontal blue lines for writing.

